

Мектеп оқушылары өнер көрсетті

Облыстық фестивалге Ғаббас Жұмабаев мектеп-гимназиясының оқушылары жолдама алды

Өткен аптада аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ахметқазы Шотаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының төрінде көркемөнерпаздар театры және хореографиялық ұжымдардың арасында «Армандастар» балалар шығармашылығының облыстық фестиваліне іріктеу кезең өтті.

Аталмыш байқау Құрманғазы Сағырбаевтың 200 жылдығына орай ұйымдастырылғалы отыр. Негізгі мақсаты – балалардың көркемөнерпаздар шығармашылығын дамыту және оның өскелең ұрпақтың көркемдік біліміндегі, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесіндегі рөлін күшейту.

Құрманғазы Сағырбаевтың 200 жылдығына арналған облыстық шара ақпан айының 9-ы күні өткізіледі деп жоспарланып отыр. Театр және хореографиялық өнердің түрлі жанрларында дарынды орындаушыларды анықтауды көздеген байқауға жалпы білім беретін мектептер бойынша үздік шығармашылық ұжымдар қатысты. Байқау барысында би ұжымдары «Халық биі» және «Заманауи би» ата-



О. Қозыбаев атындағы Қаратал жалпы білім беру мектебінің өнерпаздары

лымдары бойынша өнер көрсетсе, театр ұжымдары «Драмалық қойылым» мен «Қуыршақ спектаклі» бағытында сынға түсті.

Өнер додасына ауданымыздың мектептерінің оқушылары қатысып, өздерінің әртістік қабілеттерін

көрсете отырып, түрлі тақырыптарда көрініс көрсетті. Байқау барысында ұлттық құндылығымызға тоқталып, қазақ халқының қонақжайлылығы мен қатар мағыналы тақырыптағы көріністерді сомдалды. Ауданымыздың

13 мектебінен қатысқан оқушылар арасында кім мықтыны анықтады. Әрине, кіл мықтылар арасынан ең мықтыны таңдау оңайға соқпағаны анық. Дегенмен, арнайы баға беріп, мықтыларды тізбектеген әділ қазылар алқасы болды.

- Көп жылдардан бері «Армандастар» фестивалі ұйымдастырылып келеді. Аудандық кезеңнен облысқа жолдама алу үшін аталмыш іс-шараны ұйымдастырып отырмыз. Командалар арасынан ең мықты, ең шебер, ең өнерлі команда мүшелері облысқа жолдама алады. Арнайы шақырылған қазылар алқасы таңдау жасады, - деді іс-шараның ұйымдастырушысы Гүлбарам Каленова.

Байқау мың бұралған биші қыздардың әсем билерімен бастау алды. Нәзік жанды аруларымыз жиналған жұртшылыққа өз өнерлерін көрсетіп, қошеметке бөленіп жатты. Хореографиялық топ арасында нағыз қызу талас өтіп, ең мықты хореографиялық топ облыстық кезеңге өтті.

Әділ қазылар алқасы әрбір ұжымның өнерін белгіленген критерийлерге сәйкес бағалап, жеңімпаз ұжымдарды анықтады.

Командалар арасынан суырыла оза шыққан хореографиялық топ Боровской балалар өнер мектебі болды. Аталмыш команда ақпан айының 9-күні өтетін фестивалде өздерінің бақтарын сынайтын болады.

2-ші орын Ахметқазы Шотаев атындағы мектеп-гимназиясының сұлу да, өнерлі биші қыздарына бұйырды. Көктерек жалпы білім беру мектебінің бишілері 3-ші орынға қол жеткізді.

Театр ұжымдары арасында ерекше өнерімен көзге түскен Ғаббас Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары облыстық фестивалге сүрінбей өтті. Олар Шерхан Мұртазаның «Интернат наны» атты әңгімесін қойылымдап, қазылардың жүрегіне жол таба білді. 2-ші орынды Ахметқазы Шотаев атындағы мектеп-гимназиясы және Балалар шығармашылық үйі бөлісті. 3-ші орынды Первомай жалпы білім беру мектебі мен Оразалы Қозыбаев атындағы Қаратал жалпы білім беру мектебі иелік етті.

Осылайша хореография ұжымынан бір команда және театр ұжымынан бір команда облыстық фестивалге өтті. Облыстық бәйгеге сүрінбей өткен командаларға сәттілік тілей отырып, ауданымызға жеңіспен оралуыларына тілектеспіз.